



№ 30 (9064),
жұма, 18 шілде
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Барселона қаласында өткен халықаралық STEМ олимпиадасында, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінде ұйымдастырылған химия пәнінен халықаралық олимпиадада жеңіске жеткен қазақстандық оқушыларға

құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұны еліміздің абырой-беделін арттыра түсетін тарихи жетістік ретінде бағалады.

— Бұл — Қазақстанда білім беру саласы қарқынды дамып келе

жатқанының айқын дәлелі. Мемлекет жастардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуына әрдайым баса мән береді. Еліміз сіздерді мақтан тұтады. Жарқын жеңістеріңіз көп болсын! — деп жазды Президент. akorda.kz

ИСПОЛНЕНИЕ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА: ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР ЕРМЕК КОШЕРБАЕВ ПРОВЕРИЛ ЗОНЫ ОТДЫХА НА ПОБЕРЕЖЬЕ ОЗЕРА АЛАКОЛЬ

Продолжая рабочие поездки в регионы с целью оценки состояния приоритетных туристических направлений, заместитель Премьер-министра РК Ермек Кошербаев ознакомился с текущим состоянием инфраструктуры на побережье озера Алаколь области Жетысу — одного из пяти ключевых туристических направлений региона.

С момента создания области Алакольский район посетило свыше 4,8 млн туристов, из них 1,8 млн — только за прошлый год.

В ходе поездки вице-премьер посетил коммунальный пляж, где были зафиксированы типичные и характерные для многих регионов системные вопросы, требующие комплексного решения. Несмотря на наличие базовых условий в большинстве зон отдыха, в открытых и общедоступных пространствах сохраняются вызовы, связанные с санитарной, инженерной и сервисной инфраструктурой.

«Люди, выбирающие отдых на коммунальных пляжах, должны получать такой же базовый комфорт и безопасность, как и гости частных зон. Это принцип справедливости. Независимо от того, где человек отдыхает — он должен видеть порядок, чистоту и организованную среду», — подчеркнул Ермек Кошербаев.

Заместитель Премьер-министра дал поручения акиму района и профильным службам: усилить санитарное оснащение пляжа, закупить дополнительные контейнеры для сбора мусора, продлить линию буйков и определить зоны безопасного захода для маломерных

судов. Также поручено проработать возможность установки раздевалок, душевых и элементов благоустройства, в том числе зон активного отдыха.

Для обеспечения общественной безопасности в районе будет рассмотрен вопрос увеличения численности сотрудников ЧС, задействованных в дежурстве на побережье.

Отдельное внимание было уделено вопросам стихийной торговли. Вице-премьер отметил необходимость установки стационарных торговых киосков с подключением к воде и электроснабжению, а также обязательным соблюдением санитарно-эпидемиологических требований.

«Все эти вопросы актуальны не только для Алаколя. Это вызовы характерные для всех регионов, с которыми сталкиваются курортные зоны по всей стране. Мы соберем предложения, проанализируем лучшие практики и уже в Министерстве туризма и спорта проведем отдельное совещание с участием всех ответственных госорганов. Туризм — это не только бизнес, но и качество жизни самих граждан», — отметил Ермек Кошербаев.

В рамках поездки вице-премьер также посетил железнодорожный вокзал в селе Акши и пообщался с туристами. Отзывы показывают: положительные изменения есть, но проблемы на отдельных участках пляжей все еще мешают качественному отдыху.

«Мы с семьей отдыхаем на Алаколе впервые. Очень радует порядок — и на вокзале, и на пляже. Но хотелось бы больше раздевалок и душевых, особенно на общих пляжах», — поде-

лилась мнением отдыхающая Галина Чепрына.

«Все восемь лет ездим в одно и то же место. Сервис, воздух, вода — все нравится. Но хочется, чтобы каждый участок пляжа соответствовал одному стандарту, особенно бесплатные зоны», — добавили туристы из Алматы.

В текущем году здесь был решен вопрос с электроснабжением: построена высоковольтная линия от Бесколя до Акши протяженностью 56,7 км и новая подстанция. С июня подача электроэнергии осуществляется бесперебойно. Побережье покрыто интернетом, работает 16 базовых станций, проложена оптоволоконная линия связи.

Работа велась в координации с профильными министерствами. Все вице-министры, входившие в состав рабочей группы, разделились по направлениям ответственности и провели осмотр зон отдыха, по результатам которого доложили вице-премьеру о текущей ситуации и необходимых мерах.

«Мы не создаем временные решения — мы выстраиваем долгосрочную, устойчивую систему. Туристические зоны Казахстана должны соответствовать ожиданиям людей и задавать стандарты. Не только для туристов, но и для самих казахстанцев. По итогам всех региональных поездок будут приняты системные решения на уровне Правительства», — резюмировал Ермек Кошербаев.

Автор фотографии: Жеңіс Ысқабай

Источник: официальный интернет-ресурс Премьера-Министра РК

ИСПОЛНЕНИЕ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА ПО РАЗВИТИЮ ЭКОНОМИКИ: ПРАВИТЕЛЬСТВО ЗА ПОЛУГОДИЕ ОБЕСПЕЧИЛО РОСТ ВВП В 6,2%



На заседании Правительства под председательством Премьер-министра Олжаса Бектенова рассмотрены результаты социально-экономического развития и исполнения республиканского бюджета за 6 месяцев текущего года.

С докладом о текущей ситуации в экономике выступил заместитель Премьер-министра — министр национальной экономики Серик Жумангарин. О реализации фискальной и денежно-кредитной политики доложил председатель Национального Банка Тимур Сулейменов, об исполнении республиканского бюджета — министр финансов Мадит Такиев. Также заслушаны доклады министерств промышленности и строительства, сельского хозяйства, транспорта, торговли и интеграции, энергетики, труда и социальной защиты населения, акимов ряда регионов.

По предварительным данным, за январь-июнь 2025 года показатель ВВП достиг 6,2%. Увеличение темпов роста фиксируется в отраслях строительства, торговли, промышленности и связи. Премьер-министр акцентировал внимание на поставленной Президентом задаче по последовательной диверсификации экономики и обеспечению ее долгосрочного и устойчивого роста. В этой связи подчеркнута значимость комплексных шагов, принимаемых Правительством для стимулирования деловой активности, развития инфраструктуры и внедрения цифровых технологий. «В рамках исполнения поручений Президента по обеспечению экономического роста Правительством принимаются системные меры. Их реализация имеет положительный эффект. Активное привлечение инвестиций позволило дать старт ряду важнейших инфраструктурных проектов в различных отраслях. Только один пример — Главой государства запущен первый в нашем регионе суперкомпьютерный кластер. Его применение ускорит полномасштабную цифровизацию и прозрачность, в том числе при решении многих вопросов экономического характера», — отметил Олжас Бектенов.

Для обеспечения дальнейшего стабильного роста экономики Премьер-министр дал ряд поручений. Отмечена необходимость исполнения целевых индикаторов по инвестициям в основной капитал и прямым иностранным инвестициям. В связи с этим поставлена задача по более активному использованию Региональных инвестиционных штабов. Особое внимание важно уделить экспортоориентированным проектам, направленным на выпуск продукции высокого передела.

Для устойчивого роста обрабатывающей промышленности поручено повысить уровень загрузки отечественных предприятий, в том числе долгосрочными заказами, и обеспечить производства необходимым сырьем. Вместе с тем нужно продолжить работу по созданию соответствующей

инженерной и транспортной инфраструктуры на территориях специальных экономических и промышленных зон. Олжас Бектенов подчеркнул важность активного привлечения средств международных финансовых организаций. В целях дальнейшего расширения транзитного потенциала страны поставлена задача по ускорению мероприятий, направленных на повышение пропускной способности транспортных коридоров.

«Это качественная реконструкция более 4 тысяч километров автомобильных дорог в ближайшие годы, модернизация пунктов пропуска, реализация новых проектов в рамках Трансказахстанского железнодорожного коридора, создание международных авиакоридоров. Данные меры позволят к 2028 году удвоить грузоперевозки», — подчеркнул Олжас Бектенов.

Кроме того, в целях своевременной подготовки к уборочной кампании и отопительному сезону поручено обеспечить увеличение объемов внутренних перевозок. Для создания достаточных и качественных запасов продукции сельского хозяйства Премьер-министр дал поручение по подготовке действенных схем для эффективной логистики, хранения и сбыта урожая. Заинтересованным государственным органам необходимо внести предложения по созданию специализированного агропродовольственного маркетплейса для формирования цифровой инфраструктуры в целях поддержки развития торговой сферы и выхода казахстанской продукции на внешние рынки. В нефтегазовой сфере поручено завершить полный ввод проекта будущего расширения (ПБР) и проекта управления устьевым давлением (ПУУД) на месторождении Тенгиз, также поставлена задача по ускорению реализации текущих проектов по строительству газоперерабатывающих заводов.

Премьер-министр поручил центральным и местным исполнительным органам обеспечить качественное исполнение Комплекса мер по контролю и снижению инфляции.

«Стабилизация цен является важным приоритетом работы Правительства и акиматов. Регионы должны активизировать работу по насыщению внутреннего рынка продукцией и выявлению непродуктивных посредников. Для этого имеются действенные инструменты в виде стабилизационных фондов, форвардных договоров, субсидирования и обеспечения ценовой стабильности. Кроме того, следует расширять посевные площади приоритетных культур, предназначенных для производства социально-значимых продовольственных товаров. Реализация полномасштабных мероприятий по всем направлениям и отраслям является прочным фундаментом для дальнейшего устойчивого экономического роста», — отметил Олжас Бектенов.

primeminister.kz

ГОРДОСТЬ ЖЕТИСҮ: ПОБЕДИТЕЛЬНИЦУ «СЛАВЯНСКОГО БАЗАРА» АЛМАГУЛЬ БАТТАЛИЕВУ ЧЕСТВОВАЛИ В ОБЛАСТНОМ АКИМАТЕ



Победительницу XXXIV международного фестиваля эстрадной песни «Славянский базар» в Витебске, солистку областной филармонии имени Данеша Ракишева Алмагуль Батталиеву от имени акима области Бейбита Исабаева поздравил заместитель акима Диас Есдаулетов, вручив ей почетную грамоту и денежный сертификат, — сообщает пресс-служба акима области Жетысу.

Стоит отметить, что сегодня утром в аэропорту Алматы делегация области Жетысу торжественно встретили обладательницу Гран-при международного

фестиваля. Аналогично, на въезде города Талдыкорган её с воодушевлением встретили коллектив филармонии.

В ходе приёма, состоявшегося в областном акимате, Диас Есдаулетов поблагодарил молодую исполнительницу за вклад в развитие и популяризацию казахской музыки, отметив, что за время существования конкурса «Славянский базар» казахстанцы четырежды брали гран-при и также много раз входили в число призеров престижного международного фестиваля.

Он также пожелал певице успехов в творчестве и во всех начинаниях.

На протяжении нескольких дней триумфатор «Славянского базара» не смыкала глаз, но приехала на Родину довольная и счастливая: — Восемь лет шла к этому заветному результату. У меня много разных качеств, особенно упорство в достижении цели. Даже сегодня не могу до конца поверить, что держу в руках статуэтку и диплом! Хочу выразить слова благодарности акимату области, коллективу родной филармонии имени Д.Ракишева. Огромное спасибо моему

наставнику Меруерт Мусирали. Именно она на протяжении долгих лет готовила меня к подобным музыкальным «битвам». Спасибо родным и близким, кто поддерживал меня у экранов телевизора. И отдельная благодарность руководству общественного фонда «Бозторғай», — поделилась Алмагуль Батталиева. Она также отметила, что в ближайшие дни намерена поступать на грант в магистратуру. По окончании мероприятия в областном акимате, прошла пресс-конференция с участием руководителя областного управления культуры, архивов и документации Куаныша Сулейменова и триумфатора конкурса «Славянский базар - 2025» Алмагуль Батталиевой.

Она уже третий год работает в областной филармонии им. Д.Ракишева, будучи солидным исполнителем, и является лауреатом целого ряда международных, республиканских вокальных конкурсов.

К слову, Алмагуль Батталиева окончила музыкальный колледж им. П. Чайковского, Казахскую национальную академию искусств им. Т. Жургенова. Помимо вокала, владеет несколькими инструментами: аккордеоном, фортепиано и укулеле.

Авторы фотографии: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

Пресс-служба акима области Жетысу.

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ШКОЛЫ ОТДАЛЕННЫХ СЕЛ ПОЛУЧИЛИ НОВЫЕ АВТОБУСЫ



В области Жетісу школам в отдаленных селах выдали 8 новых автобусов. Новый автотранспорт обеспечит удобство и безопасность перевозки школьников, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Ключи от новеньких автобусов для школ сел Бактыбай и Алдабергенов Ескельдинского, Кокпекти Каратальского, Шанханай, Сарыбулак, Сарыюзек Кербулакского, Балпык би Коксуского и Черкасск Сарканского районов торжественно вручил руководитель управления образования Даурен Жунусов. В своем выступлении, отметил,

что главной задачей является повышение доступности образования для детей, он подчеркнул, что обеспечение новыми автобусами является важным шагом к обеспечению безопасной и удобной перевозки детей.

- В нашей школе всего учится 122 детей. Из них 15 приезжают из села Аккайын. У нас имелся старый автобус для их перевозки, а теперь на его место выдали новый, современный, со всеми удобствами. Это не только комфорт, но и безопасность, - отметила директор Черкасской средней школы Бауржан Ибраимова.

Выданные автобусы были произведены отечественным производителем на заводе ТОО «Daewoo Bus Kazakhstan». Автобусы оснащены кондиционерами, громкоговорителями, сигнальными кнопками, огнетушителями, ремнями безопасности, аптечками, аварийными знаками и всем необходимым.

В целом в школах области Жетісу 94 автобуса осуществляют перевозку школьников. На этих автобусах ездят 2513 учащихся из 87 населенных пунктов региона.

Пресс-служба акима области Жетісу

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ИТАЛИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев облыс әкімдігінде Италия Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Антонелло Де Риу мырзамен кездесті, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бейбіт Исабаев италиялық меймандарды жылышыраймен қарсы алып, Антонелло Де Риу мырзаны Қазақстандағы елшілік қызметінің басталуымен құттықтады. Сол сияқты шетелдік делегацияға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары жайлы қысқаша айтып берді.

– Жалпы, өңірде бес стратегиялық бағыт бойынша жұмыс жүргізілуде: агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, көлік және логистика, туризм, баламалы энергетика және өнеркәсіп, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласын дамыту. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы мен «Қорғас – Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы табысты жұмыс істеп тұр. Бізде баламалы энергетиканы дамытуға қажетті табиғи алғышарттар - күн, жел және тау өзендерінің су ресурстары жеткілікті. Осыған байланысты жаңартылатын энергия көздері секторы біздің стратегиямыздың маңызды бөлігі саналады, – деген облыс әкімі италиялық серіктестермен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін білдірді. Сөзінің соңында өңірде инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық жағдай жасалғанын, соның ішінде оларға заң аясында қолдау мен сүйемелдеу жасалатынын айтты.

Өз кезегінде Антонелло Де Риу екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікті нығайтуға мүмкіндік беретін әлеуетті деген негізгі бағыттарды атап өтті.

– Біз Талдықорған қаласындағы индустриялық аймаққа қызығушылық танытып отырмыз. Алдағы уақытта әрбір италиялық кәсіпкер Қазақстаннан өзіне іскер серіктес таба алатындай арнайы платформа құрғымыз келеді. Сонымен қатар Италияның туризм саласында сапалы қызмет көрсететін мамандар даярлауда мол тәжірибесі бар, – деді Елші.

Іскерлік кездесуді қорытындылай келе, тараптар бұл кездесу түрлі салаларда екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңызды қадамы болатынына сенім білдірісті.

Фотосуреттердің авторы: Жеңіс Ысқабай



ZHENIS_ISKABAY

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ТАЗА АУА!

Табиғат – бізге аманат. Адам баласы жер бетінде өмір сүргеннен бастап ауа, су, жер сияқты табиғи байлыққа мұқтаж болып келеді. Ал сол байлықты сақтау – әрбір саналы азаматтың міндеті. «Таза Қазақстан – Таза Ауа» деген ұранның астарында үлкен мағына жатыр. Ол – жай ғана сөз тіркесі емес, ол – болашақ үшін күрес, ол – бүгінгі таңда қабылданатын шешімдердің ертеңгі ұрпаққа әсер ететіні жайлы үндеу.

Қазақстан – кең байтақ ел. Біздің далалымыздың кеңдігі, табиғатымыздың әртүрлілігі – мақтаныш. Бірақ соңғы жылдары өнеркәсіптің, көлік құралдарының көбеюі, орманның азаюы, қоқыстың көп жиналуы еліміздің экологиялық жағдайына кері әсерін тигізіп жатыр. Бұл – тек табиғаттың емес, адамзаттың да денсаулығына қауіп.

Ауаның ластануы – көрінбейтін, бірақ ең қауіпті жау. Ол адамды

бірден емес, біртіндеп әлсіретеді. Балалардың өкпесі нашарлайды, үлкендердің өмірі қысқарады. Осыған кім кінәлі? Табиғат па? Жоқ. Біз – адамдар. Өзіміз жасап алған зиянды әрекеттеріміздің салдары – өзімізге тиіп отыр.

Сондықтан да менің ойымша, «Таза Қазақстан – Таза Ауа» деген сөз – әрбір адамға арналған ескерту. Егер біз туған өлкемізді таза ұстасақ, қоқысты орынсыз тастамасақ, ағаштарды кеспей, керісінше, көбірек отырғызсақ – ауамыз да таза, өміріміз де мәнді болмақ.

Табиғатпен үйлесімде өмір сүру – ең биік мәдениеттің белгісі. Қалада жүрсек те, ауылда тұрсақ та, айналамызға жауапкершілікпен қарауымыз керек. Жолда жатқан қоқысты көтеру – ұят емес, керісінше, нағыз патриоттық іс. Себебі елін сүйетін адам – оның табиғатын да аялауы тиіс.

Мен таза ауамен тыныстағым

келеді. Мен көк аспан астында уайымсыз жүгіруге лайықты ұрпақтың өмір сүргенін жалаулық экологиялық акция



Ол үшін – бүгіннен бастау керек. Өзімізден бастау керек. Сонда ғана біз нағыз Таза Қазақстанды бірге жасай аламыз.

Таза ауа – денсаулық кепілі. Ауамыз таза болуы үшін алдымен табиғатты таза ұстауымыз керек.

- Қоқысты кез келген жерге тастама
- Жасыл желекті қорға
- Сенбілікке қатыс
- Ағаш ек
- Пластик пен қалдықты сұрыпта
- Су мен ауаны ластама
- Басқаға үлгі бол

Бір адамның әрекеті – мың адамға үлгі. Табиғатты аялау – болашаққа аманат.

Біз табиғатты қорғасақ, табиғат та бізді қорғайды!

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ СОЗДАЛИ МУРАЛ, ПОСВЯЩЕННЫЙ 30-ЛЕТИЮ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА



В области Жетісу создали мурал, посвященный 30-летию Ассамблеи народа Казахстана. Объект монументальной живописи, символизирующий роль Ассамблеи в сохранении мира, единства и согласия, размещен на фасаде одного из многоквартирных жилых домов в городе Талдықорған, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Уникальный арт-объект создан в честь 30-летия Ассамблеи народа Казахстана. Мурал включает изображения представителей различных этносов, населяющих страну, а также символы дружбы, национальные орнаменты и элементы, посвященные юбилейной дате. Проект, реализованный группой молодых казахстанских художников при поддержке областного филиала АНК и творческих сообществе региона, олицетворяет межэтническое согласие и культурное многообразие нашей страны.

- В области Жетісу в рамках юбилейной даты под эгидой «30 лет единства и согласия» был проведен целый ряд различных мероприятий. Идея создания мурала принадлежит членам региональной Ассамблеи. В изображении нашли отражение общие ценности и образы, объединяющие культуру, историю и будущее многонационального Казахстана. Каждый штрих несет в себе уважение к богатому наследию народа нашей страны, - отметил руководитель КГУ «Қоғамдық келісім» Еркебулан Акболатов.

Своим мнением поделился и житель дома №18/2 микрорайона «Кара-тал», на котором изображен мурал,

- Считаю, что такие арт-объекты, которые не только украшают наш город, но и несут глубокий смысл и значение, очень важны. Они не только радуют глаз, но и являются наглядно говорят о том, как богат наш народ своей многообразной культурой, как высока ценность мира, дружбы, единства и согласия, - сказала Олеся Алахвердиева.

Пресс-служба акима области Жетісу

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ИСПОЛНЕНЫ ПРЕДПИСАНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ОРГАНА

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции РК по области Жетысу провёл мониторинг государственных предприятий, в том числе колледжей среднего специального образования.

Установлено, что уставы Аксуского агротехнического колледжа, Алакольского и Жаркентского многопрофильных колледжей содержали виды деятельности, не соответствующие постановлению Правительства РК от 28 декабря 2015 года №1095 и не согласованные с антимонопольным органом. В частности, речь шла об обучении по дополнительным образовательным программам и специальным курсам.

Данные действия нарушали требования законодательства о защите конкуренции.

По итогам мониторинга Департамент вынес предписания об устранении нарушений. В настоящее время все предписания исполнены, уставные виды деятельности приведены в соответствие с действующим законодательством.

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ!

Жаз – біздің балаларымыз үшін көңілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта,көл,өзен,меніз жағаларында демалуға ұнатады. Ұлкендермен балалар шомылып,күннің нұрына рахаттанып,таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды содан сіздің жауапты болу және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігінізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

Балаларды суға тусуға рұқсат етілген және құтқару құралдарымен жабдықталған орындарға ғана жүргізіңіз.

- Сіздің бақылауыңызсыз балаңызға шомылуға рұқсат берменіз! Әсіресе матрацта немесе үрлемелі ортада.

- Балаларды тек жүзу кеудешесінде немесе жеңінде жіберіңіз.

- Балаларға су астында тығылатын немесе оларды жығатын ойындарды ойнауға жол берменіз.

- Баланың тонудың болдырмау үшін баланың суда болу уақытын бақылаңыз.

- Демалыс уақытында да жауапкершілікті ұмытпаңыз!

Балалармен әңгіме откізіп,қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін түсіндіру қажет!

- Ешқашан көз қарасынан жоғалтпаңыз балапандарыңызды!

Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы бала әрқашан үлкендердің қарауымен шомылуға тиіс.Жасөспірімдік жастағы балалар,егер өздері су қоймасына баратын болса,онда терең шұңқырлар,қатты ағыстар, су айналымы немесе үлкен толқындар болмаған жағдайда,бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде ғана жүзуі тиіс.Өзінізді және жақындарыңызды сақтаңыз!

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

1 ҚЫРКҮЙЕКТЕҢ БАСТАП ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында, соның ішінде жекеменшік мектептерде де тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі. Бұл – бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы, бірақ мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» идеологиялық қағидасымен үндестірілген.

Бағдарламаның үйлестірушісі Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мәліметінше, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілген. Оның мақсаты – адал, еңбекқор, елжанды азаматтар тәрбиелеу. Тәрбие жүйесі жалпыұлттық құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталады.

Алғаш рет бұл бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының ел көлемінде бірізді стандартпен жүргізілуіне және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Барлық мектептер үшін бірыңғай визуалды стандарт – брендбук әзірленеді. Мектептің ішкі және сыртқы келбеті ұлттық тәрбиелік құндылықтар мен мәдениетті бейнелейтін ортаға айналады.

Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда барлық тараптардың өзара бірлесе қызмет атқаруына ерекше көңіл бөлінеді. Мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз жүргізіледі.

Ай сайын белгіленген тақырыптар сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларды бір-бірімен сабақтастырады. Мысалы: әділдік, еңбекқорлық, патриотизм сынды құндылықтар оқу процесінің өзегіне айналмақ. Осы бағытта мектеп өміріне «Өнегелі 15 минут», күй әуенімен қоңырау соғу, ұлттық ойындар секілді жаңа форматтар енгізіледі. Сонымен қатар, оқушының мектеп қабырғасынан тыс өмірлік тәжірибесін байытуға да ерекше көңіл бөлінеді.

Бұған дейін іске асқан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Қамқор» (экология және волонтерлік), «Еңбегі адал – жас өрен» (еңбекке баулу және мамандыққа бағдар), «Smart Bala» (IT және инновациялық ойлауды қолдау), «Шабыт» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму), «Ұшқыр ой алаңы» (пікірсайыс пен зияткерлік ойындар), «Балалар кітапханасы» (оқу сауаттылығы мен кітап мәдениетін дамыту) секілді алты ірі жоба жүзеге асқан болатын.

Сонымен бірге, буллингтің, құқықбұзушылық пен балалар арасындағы қауіптің алдын алуға бағытталған жобалар өз жұмысын жалғастырады. Олар: «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам».

Бұл бағдарлама – еліміздің барлық мектептерінде біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Жаркент жоғары педагогикалық, Қапал кәсіптік - техникалық, Жетісу құрылыс-техникалық колледждеріне бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығарды.

Департамент мемлекеттік кәсіпорындарға мониторинг жүргізу барысында аталған колледждердің жарғыларында ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысына сәйкес келмейтін

және монополияға қарсы оранмен келісілмеген қызмет түрлері болғандығы анықталды. Атап айтқанда, бұл қосымша білім беру бағдарламалары мен арнайы курстар бойынша оқыту туралы болды.

Бұл әрекеттер бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманың талаптарын бұзды.

Қазіргі уақытта барлық нұсқамалар орындалды, жарғылық қызмет түрлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілді.

УСТРАНЕНЫ НАРУШЕНИЯ АНТИМОНО- ПОЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА



Строительно-технического колледжей.

Так, Департаментом в ходе мониторинга государственных предприятий было установлено, что уставы вышеуказанных учреждений среднего специального образования содержали виды деятельности, не соответствующие постановлению Правительства РК от 28 декабря 2015 года №1095 и не согласованные с антимонопольным органом. В частности, речь шла об обучении по дополнительным образовательным программам и специальным курсам.

Данные действия нарушали требования законодательства о защите конкуренции.

В настоящее время все предписания исполнены, уставные виды деятельности приведены в соответствие с действующим законодательством.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС!



Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!

жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралар кешені мыналарды қамтиды:мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды сақтауын бақылау;мемлекеттік сатып алулар мен бюджеттік қаражаттың жұмсалудың цифрландыру;мемлекеттік қызмет көрсету процестерін автоматтандыру;комплаенс-қызметтер мен ішкі бақылау жүйелерін енгізу;азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.Бұл шаралар қоғамдағы адалдық қағидаттарын нығайтуға және сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бұл тек құқық қорғау немесе мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, тұтас қоғамның міндеті. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, ашық әрі әділ мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру арқылы ғана Қазақстан өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

Әрбір азаматтың адалдық пен жауапкершілік қағидаттарын ұстануы – сыбайлас жемқорлықсыз болашақтың кепілі.

«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ағымдағы жылдың шілде айында Ескелді ауданы әкімінің аппаратында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті өкілдерінің қатысуымен маңызды семинар ұйымдастырылды. Іс-шара мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды, Әдеп кодексінің талаптарын және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебін сақтау мәселелерін талқылауға арналды.

Семинардың басты тақырыбы – мемлекеттік қызметтегі әдеп пен заңдылықты нығайту, қызметтік тәртіп пен жауапкершілік деңгейін арттыру болды. Бұл – қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметке деген сенімділік пен ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі.

Жиын барысында Департамент қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заң нормаларына және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне жан-жақты тоқталып, оның талаптарын күнделікті қызмет барысында қалай дұрыс қолдану керектігі жөнінде нақты түсініктемелер берді. Сонымен қатар, қатысушыларға құқықбұзушылықтардың алдын алу жолдары тәжірибелік мысалдар арқылы түсіндірілді.

Семинарда талқыланған негізгі мәселелердің қатарында мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы жеке жауапкершілігі, қызметтік әдебі, сондай-ақ мінез-құлқының мемлекеттік органның беделіне және азаматтардың сеніміне әсері ерекше назарда болды. Қоғаммен және азаматтармен қарым-қатынастағы ашықтық, әділеттілік, бейтараптық қағидаттары – бүгінгі мемлекеттік қызметшінің ажырамас сипатына айналуы тиіс екені айтылды.

Сондай-ақ, қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын болдырмау, қоғамдық бақылаудың рөлін арттыру, қызметтік әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі сияқты бағыттарда да кеңінен ақпарат ұсынылды. Бұл тақырыптар аясында нақты мысалдар келтіріліп, туындауы мүмкін күрделі жағдайларды болдырмаудың тиімді жолдары көрсетілді.

Кездесу соңында Департамент өкілдерімен қатысушылардың сұрақтарына нақты әрі жан-жақты түсіндірмелер беріліп, қызмет барысында кездесетін түрлі құқықтық және әдеп мәселелері бойынша тәжірибелік кеңестермен бөлісті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің өкілдері мұндай кездесулер алдағы уақытта да жүйелі түрде өткізіліп, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін, әдептілік деңгейін, кәсіби жауапкершілігін арттыруға бағытталатынын атап өтті.

Осы сынды семинарлар мемлекеттік аппараттың ашықтығын, тиімділігін арттырып қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға да өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

КОРРУПЦИОННЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Коррупция представляет собой системную угрозу безопасности Казахстана, угрожающую стабильности государства и общества.

Согласно статье 22 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции», противодействие коррупции в пределах своей компетенции обязаны вести все государственные органы, организации, субъекты квазигосударственного сектора и должностные лица.

Коррупция - незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ.

Коррупционное правонарушение - имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена административная или уголовная ответственность.



С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ҚЫРЫҚ СЕГІЗІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ



Ескелді мәслихаттың шақырылымының кезекті қырық сегізінші сессиясы өтті. Сессия жұмысына мәслихат депутаттары, аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов, аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері, құқық қорғау органдарының өкілдері, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

Сессияны аудандық мәслихат хатшысы ашып, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес сессия ашық деп жарияланды.

Күн тәртібінде бес мәселе қаралды:

Бірінші мәселе бойынша аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Абай Тергеусізұлы Әлияс Ескелді ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылуы туралы баяндама жасады.

Келесі кезекте «Қазсушар»

РМК Жетісу филиалы Ескелді өндірістік учаскесінің атқарған жұмыстары мен аудан аумағындағы су шаруашылығының жай-күйі туралы мекеме басшысының міндетін атқарушы Айбек Балтабекұлы Қыдырмолдиннің есебі тыңдалды.

Сонымен қатар Қайнарлы ауылдық округінің әкімі Дәулет Садырұлы Идрисов пен Жалғызғаш ауылдық округінің әкімі Диас Асқарұлы Сапарғалиев өз округтерінде атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Барлық баяндамалар депутаттар тарапынан назарға алынып, сессия барысында ұсыныстар мен ескертулер болмады. Талқылаудан кейін барлық шешімдер бірауыздан қабылданды.

Сессия соңында аудан әкімі Елдос Ахметов сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелердің маңыздылығына тоқталып, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Айта кету керек, сессия жұмысы Instagram әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфирде көрсетілді.

Дара Дана

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ӨКІЛДЕРІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНМЕН ТАНЫСТЫ



2025 жылғы 15 шілдеде Ескелді ауданына жұмыс сапарымен келген «АМАНАТ» партиясы Бақылау департаментінің директоры Бижуманов Даурен Еркенұлы партияның сайлауалды бағдарламасында көзделген маңызды әлеуметтік жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты. Атап айтқанда, делегация құрамындағы өкілдер Шымыр ауылындағы жаңадан салынған дәрігерлік амбулаторияны аралап көрді.

Жұмыс сапары аясында медициналық нысанға арнайы барған топ құрамында «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арын Арыстанғали Қадырұлы, Ескелді аудандық филиалының төрағасы Серік Мирас Серікұлы, сондай-ақ облыстық және аудандық мәслихат депутаттары болды.

Шымыр ауылында 2129 тұрғынға қызмет көрсетуге арналған амбулатория заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитариялық көмек, шұғыл және кезек күттірмейтін жәрдем, зертханалық диагностика, профилактикалық егу сынды қызметтер қолжетімді. Бұрын мұндай қызмет түрлері үшін аудан орталығына баруға тура келсе, енді жергілікті тұрғындар сапалы медициналық көмекті өз ауылынан ала алады.

«АМАНАТ» партиясының Жол картасы аясында Жетісу облысында барлығы 59 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жоспарланған. Олардың қатарында 15 дәрігерлік амбулатория, 39 фельдшерлік-акушерлік пункт және 5 медициналық пункт бар. Бұл нысандардың 15-інің құрылысы 2024 жылдың желтоқсан айында аяқталса, қалған 44-інің құрылысы 2025 жылы да жалғасып жатыр. Қазіргі таңда бұл жобалардың орташа дайындығы 83 пайызды құрап отыр.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ МЕКТЕПТІҢ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ БАРЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Ескелді ауданына жұмыс сапарымен келген «АМАНАТ» партиясы Бақылау департаментінің директоры Даурен Бижуманов партияның сайлауалды бағдарламасында көзделген маңызды әлеуметтік жобалардың бірі Қарабұлақ атындағы орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Жұмыс сапары аясында Қарабұлақ ауылындағы мектепке арнайы барған топ құрамында «АМАНАТ» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Қадырұлы Арын, «АМАНАТ» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы Мирас Серікұлы Серік, облыстық және аудандық мәслихат депутаттары, сондай-ақ партиялық бақылау бекетінің мүшелері болды.

Қарабұлақ атындағы орта мектеп 1950 жылы салынған. 450 орынға лайықталған типтік ғимарат бүгінде 500-ге жуық оқушыға білім беріп отыр. Қазіргі уақытта нысанның жалпы ауданы 2480 шаршы метрді құрайтын ғимаратты толық жаңғыртылып, заман талабына сай қайта жабдықталуда.

Сапар барысында мектептің ішкі және сыртқы жөндеу жұмыстары, инженерлік инфрақұрылымдарды жаңарту, жылу, жарық және су жүйелерін тиімді ету, сондай-ақ сынып бөлмелерін қазіргі заманғы оқу стандарттарына сай жабдықтау мәселелері талқыланды.

Даурен Еркенұлы өз сөзінде құрылыс жұмыстарының сапасына жіті назар аударылып отырғанын, және партия тарапынан аталған жобаның уақтылы әрі тиімді іске асырылуы тұрақты бақылауда болатынын атап өтті.



ТЕМІР ТҰЛПАРДЫҢ ТІЛІН ТАБУ – ӨНЕР



Жақсылық Сәбитұлы, автокөлік жөндеуші, еңбек өтілі – 15 жыл

- Жақсылық аға, алдымен осы мамандықты таңдауыңызға не себеп болғанын айтып өтсеңіз.
- Мектеп кезінде техникаға қатты қызығатынымын. Әкем трактор жүргізушісі болған, гаражда үнемі бір нәрсе жөндеп жататын. Сол қызығушылықпен автослесарь мамандығына оқуға түстім. Содан бері 15 жылдан бері осы саладамын. Қолмен жұмыс істеген езіме ұнайды, әр көліктің «мінезі» бөлек – соны анықтап, жөндеу өз алдына бір ләззат.
- Автокөлік жөндеуші мамандығының негізгі міндеттері қандай?
- Негізінен автокөліктің техникалық жағдайын тексеру, ақауларын анықтау және оларды жөндеу. Жүргізуші «дыбыс шығады» деп келеді, біз оны естіп, тексеріп, қай жері бұзылғанын анықтаймыз. Қозғалтқыш, тежегіш жүйесі, ілініс, электр бөлігі – бәрін білу қажет. Қазір компьютерлік диагностика да маңызды.
- Бұл мамандыққа қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?
- Біріншіден, төзімділік пен ұқыптылық. Шаршап тұрсаң да, көлікті жөндеп бітіруің керек. Екіншіден, қызығушылық. Автомобильге қызықпасаң, бұл мамандыққа үйрену қиын. Үнемі жаңа технология шығып отырады, оқып, жетіліп отыру керек. Жауапкершілік пен сенімділік те маңызды – адамның өмірі жүріп тұрған көлікке байланысты.
- Жас мамандарға немесе бұл мамандықты енді таңдағалы жүргендерге қандай кеңес берер едіңіз?
- Ең бастысы – жұмысты жүрекпен таңдау керек. Бұл оңай мамандық емес, бірақ үйреніп, шыңдалуға болады. Қазіргі кезде жақсы автослесарь өте қажет. Еңбек еткен адам ешқашан далада қалмайды. Ал егер өз ісінді жақсы меңгерсең, жеке сервис ашуға да болады. Жалақысы да жаман емес, бастысы – адал жұмыс істеу.
- Уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет! Еңбегіңізге табыс тілейміз!
- Рақмет, жастарға пайдалы болса, қуанамын. Еңбек етуден қорықпасын – әр кәсіптің өз берекесі бар.

Дара Дана



АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕКТЕН-ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕ



Бүгін мен ерекше жан туралы жазғым келеді. 40 жыл бойы Жетісу орта мектебі мен Олег Кошевой атындағы негізгі орта мектепте физика пәнінің мұғалімі ретінде табан аудармай еңбек еткен, еліміздің барлық марапаттары мен алғыс хаттарының иесі, «Қазақ елінің Үздік ұстазы» медалінің иегері, парасатты педагог адал әріптес – құрметті ұстазымыз зейнеткерлікке шығып отыр.

Осы бір заманда мұғалім болу

– оңай міндет емес. Қоғам өзгеріп жатыр, талап күшейді, оқушы да, ата-ана да жаңаша ойлайды. Қоғам өзгеріп жатыр. Ақпарат тасқыны көбейді, технология дамыды, заман талабы күшейді. Қазіргі оқушы да, ата-ана да бұрынғыдан өзгеше ойлайды, еркін сөйлейді, сұрақ көп қояды. Олар тек білім емес, көзқарас пен сенім, қамқорлық пен құрмет күтеді. Мұғалімге артылар жүк аз емес. Бірақ қандай дәуір келсе де, уақыт қанша жылжыса да нағыз ұстаздың жүрегі өзгермейді. Ол жүрек – білімге деген сүйіспеншілікпен, шәкіртке деген махаббатпен соғады. Ондай жүрек шабыт сыйлауға, адам болуға баулуға, жақсылық жасауға бейім тұрады.

40 жыл... Бұл — жай ғана сан емес. Бұл – мыңдаған сабақ, жүздеген түлек, талай ұйқысыз түндер, шексіз жауапкершілік пен шынайы махаббаттың бейнесі. Бұл – уақытпен сыналған адалдықтың, берік сенімнің, ең бастысы, адам тәрбиелеу жолындағы жақырлы еңбектің тарихы. Мектеп қабырғасында оқушы болудан бұрын, Адам болуды үйреткен ұстаздар бар. Сіз — дәл сондай жансыз. Шәкірттеріңізбен бірге өмір сүрдіңіз, әрбір жетістіктеріне қуанып, әр сәтсіздігіне жүрегіңіз ауырды.

Зейнетке шығу – еңбек жолының соңы емес, жаңа тыныс, тынығуға, ой қорытып, өмірдің басқа дәмін сезінуге берілген мүмкіндік. Еңбегіңіз үшін мың алғыс! Сізбен мақтанамыз! Сіз сызған жолмен талай шәкірт жүріп өтеді. Сізден тараған білім мен тәрбие — мәңгілік.

Майра Сембекқызы зейнетке шығуыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық пен тыныштық тілейміз. Жаңа өмір кезеңі — жайлы демалыс пен жан тыныштығының бастауы болсын. Еткен еңбегіңіздің игілігін көріп, шәкірттеріңіздің биікке шыққанын қуанышпен тамашалаңыз. Жан дүниеніз әрдайым шаттық пен риясыз алғыстарға толы болсын!

Әсел Сарсенбаева, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Ертеде ну орманның шетіндегі алаңқайда бір кедей отыншы әйелі екеуі өмір сүріпті. Олардың екі баласы бар екен. Ұлының аты – Гензель, қызының аты – Гретель екен. Отыншының әйелі екі баланың туған анасы емес өгей шешесі екен. Олар көбінесе ашқұрсақ өмір сүріпті. Жейтін бір үзім нан таба алмай аш жататын күндері жиі болады екен. Осындай қиыншылық басқа түскен күндердің бірінде отыншы өзінің сықырлаған қу төсегінде ауыр ойға беріліп дөңбекшумен болыпты. Ауыр күрсінген ол қасында жатқан әйеліне:

- Бұл қиыншылықтан қалай құтылудың амалын ойлап-ойлап таба алар емеспін. Өзіміз осылай ашығып жатырмыз, мына балалардың күні не болмақ? - дейді.

- Отағасы, мен бір амалын таптым, - дейді сонда әйелі, - балаларды таңертең ерте орманның ең алыс түкпіріне жеткізейік. Сонда алау жағып, балалардың қолына бір-бір үзім нан ұстатайық та, өзіміз жұмыс істеуге кетейік. Балалар үйге келетін жолды таба алмай, адасып орманда қалатын болады.

- Жоқ, мұндай сөзді айта көрме, - дейді күйеуі, - мен балаларымды иен орманда қалдырып, жабайы аңдардың жемі ете алмаймын.

- Ай, ашықауызым-ай! – деп айқайға басады әйелі. – Өлде мен біздің бәріміздің көз алдында аштан өлгенімізді көрмекпісің? Бізді табытқа өзің салмақпысың?

Сөйтіп әйелі отыншы өз айтқанына көнгенше, оның құлағына осы әңгімені күнде ызындап айта беріпті. Ақыры отыншы:

- Өттен, сормандай балаларым ай, сендердің өлгендеріңді көргенше, бұл айтқаның да дұрыс шығар! – деп осы іске бекініпті.

Аштықтан ішегі шұрқыраған балалары да бұл кезде ояу екен. Олар әкесі мен өгей шешесінің әңгімесін түгел естіп жатыпты. Гретель өксіп жылап, ағасына:

- Құрыған жеріміз осы! Енді не істейміз! – дейді.

- Қой, олай деме! – дейді Гензель оған, - несіне қайғырамыз? Көресің, біз бұл қатерден құтыламыз әлі.

Әкесі мен өгей шешесі ұйқыға кеткен кезде Гензель орнынан тұрып киімін киді де, есікті ақырын ашып, сыртқа шықты. Жап-жарық ай үйдің жанындағы жол үстіндегі аппақ тастарға, бейне су жаңа күміс ақша терізді жылтырата сәуле шашып тұр екен. Гензель өңкейіп ақ тастарды теріп алып қалтасын толтырады. Сөйтіп үйге қайта кіреді де қарындасына:

- Жетеді, Гретель, алаңсыз ұйықтай бер. Жаратқан өзі бізге көмектеседі, - дейді.

Сөйтіп өзі де ұйқыға бас қояды. Таң елең-алаңда өгей шешесі балаларды оята бастады:

- Өй, жатып ішер жалқаулар, тұрыңдар жылдам, орманға барып отын жинауға шығамыз. Сөйтіп ол балаларға бір-бір тілім нан береді де:

- Бері қараңдар! Мынау сендердің түскі астарың! Уақытынан бұрын жеуші болмаңдар. Себебі бұдан өзге сендерге беретін ештеңе де жоқ.

Гретель екі тілімді де белдемшесінің қалтасына салады. Ал Гензельдің қалтасы қиыршық тастарға толы болатын. Сөйтіп олар орманға қарай аяндайды. Гензель бір аттап тоқтайды, тағы аттап, тағы тоқтайды. Үйге қарап қояды. Сонда әкесі оған:

- Гензель, сен неменеге артыңа қайта-қайта бұрылумен келе жатырсың? Алдыңа қарап дұрыс жүріп отыр, қалып қойма! – деп зекиді.

Гензель оған:

- Жан әкетайым, мен өзімнің ақ мысығима қарап келе жатырмын. Ол шатырға шығып алпыпты. Менімен қоштасып отырғандай сезіледі! – дейді.

- Өй ақымақ! – деп зіркілдейді өгей шешесі. – Сен де айтасың-ау, ол сенің мысығың емес, күнге ағырып көрініп тұрған үйдің мұржасы емес пе!

Шындығында Гензель ешқандай мысықты көріп тұрған жоқ болатын. Ол тек қана білдіртпей қиыршық тастарды бір-бірден жол бойына лақтырып келе жатқан. Отыншы отбасымен бірге орманның ең түкпіріне жеткен соң балаларына:

- Ал, қанеки, балалар, мұнда сырпы теріп жіберіңдер. Мен сендердің тоңып қалмауларың үшін алау жағып берейін.

Гензель мен Гретель үлкен-

үлкен сырпы ағаштарды жинап әкелді. Отыншы от жақты. От биікке лаулап жанған кезде, өгей шеше оларға:

- Ал, балалар, біз отын дайындағанша сендер алаудың жанында демала тұрыңдар. Отынды молынан дайындап алған соң сендерге келіп, үйге ертіп кететін боламыз.

Гензель мен Гретель алаудың қасында қалды. Тілім нандарын жеп ауқаттанды. Жақыннан ағаш шапқан балтаның дыбысы естіліп тұрғандай. Сондықтан балалар әкесінің жақында жүргеніне сенімді еді. Шын мәнісінде бұл тықылдаған құрғақ бұтақтың дыбысы еді. Отыншы қу бұтақты ағашқа байлап, жел соққанда ағашты тықылдатып ұратындай етіп орналастырып кеткен болатын. Балалар ұзақ отыра-отыра шаршаған соң ұйқылары келді. Олар жата сала қатты ұйықтап кетіп ояңған кезде айнала қап-қараңғы екен. Орман қою қараңғылыққа малынып тұр. Түннен қорыққан Гретель:

- Бұл жерден қалай шығамыз? - деп жылай бастады:

- Сабыр, - дейді Гензель оны жұбатып, - ай аспанға көтерілген кезде бәрі дұрыс болады, біз жолды тауып аламыз.

Топ-толық ай аспанға көтерілген кезде Гензель Гретельді қолынан жетектеп алып, үйге барар жолды іздей бастады. Гензельдің тастары жап-жаңа күміс ақшалар терізді жылтырап жатыр екен. Соларды бағыт еткен балалар жолмен жүріп келе жатты. Олар осылайша ұзақ жүрді. Ақыры түні бойы жүріп отырып, таң ата туған үйіне жетті. Балалар есік қаққан кезде өгей шешесі есікті өзі ашып, дүрсе қоя берді:

- Өй, оңбағандар! Біз сендерді енді үйге ешқашан оралмайды деп ойладық қой! Орманда неге осыншама ұзақ уақыт ұйықтап жатты алдыңдар?

Әкесі болса бұл кезде орманға тастап кеткен балаларын ойлап қатты қайғырып жатқан еді. Балаларын көріп қатты қуанды.

Сөйтіп бірде аш, бірде тоқ, бірге өмір сүріп жатыпты. Отыншының отбасы тағы да ашыға бастайды. Өгей шеше тағы да күйеуін мазалауға көшеді:

- Бізде жарты күлше ғана қалды. Анау балаларды тағы да орманға апарып тастайық. Осы жолы енді қайтып келмейтіндей болсын. Олармен бірге аштан өліп жатуымызды қаламайтын шығарсың?

Бұл сөзді есту байғұс отыншыға тым ауыр еді. «Өттен, одан да соңғы үзім нанды осы балаларыммен бөлісіп өлген жақсы еді ғой!» - деп ойлайды іштей.

Әйелі болса оған ойлануға мүмкіндік бермеді, сөзбен құлақ етіп жеп мазасын ала берді. Сөйтіп ол ұрысқақ әйелінің сөзіне тағы да көніп қалды.

Балалар да ұйықтамай, олардың сөзін естіп жатқан. Әкесі мен өгей шешесі ұйқыға кете бере, Гензель ұсақ тас теруге шықпақ болды. Алайда өгей шешесі есікті аша алмастай етіп күнібұрын бекітіп тастаған екен. Гензель ақыры құрқол қайтып, орнына келіп жатты. Сонда да ол жылап жатқан қарындасын жұбатудан болды:

- Ұйықта, Гретель. Жетеді енді, жылама. Жаратқан бізге жар болсын!

Таң атар-атпаста өгей шеше балаларды оятып алды. Оларға өткен жолғыдан көлемі аз бір-бір тілім наннан берді де, оларды орманға ертіп кетті. Жолда Гензель жиі-жиі тоқтап, нанның үзіндісін біртіндеп жерге тастаумен болды. Сөйтіп нанын түгелдей шашып тауысады.

- Бұл не жүріс Гензель, қайта-қайта артыңа қарап тоқта беретінің не? – дейді әкесі. – Аяғыңды бас жылдам.

- Мен өзімнің ақ көгершініме қарап келе жатырмын, - деп жауап береді Гензель, - ол шатырға шығып алып менімен қоштасып отырғандай көрінеді.

АҒАЙЫНДЫ ГРИММДЕР ПРӘНДІК ҮЙШІК



- Ой, ақымақ! – деп сөйлей жөнеледі өгей шешесі. – Қайдағы көгершінді айтып келе жатырсың? Күнге шағылысып аппақ болып көрініп тұрған мұржа емес пе!

Гензель болса нанның үзіндісін жоллай әр жерге тастап үлгерген болатын. Қара ниетті өгей шеше балаларды бұған дейін ешқашан болмаған, бұрынғыдан да алыс жерге алып келді. Жеткен соң олар үлкен алау жақты да, балаларға:

- Біз отын дайындап болғанша осында отыра тұрыңдар. Шаршасандар ұйықтап алыңдар. Кешке таман сендерді үйге ертіп кететін боламыз.

Гензель өзіне тиесілі нанды әлдеқашан үгітіп шашып жібергендіктен, Гретель өзінің қолындағы кішкентай нанды ағасымен бөлісті.

Түскі ас мезгілінен кейін балалар қатты ұйқыға кетті. Ояңған кезде қара түн екен. Әкесі мен өгей шешесі әлі келген жоқ. Сонда Гензель қарындасын жұбата бастайды:

- Қобалжыма, Гретель, ай орманның үстіне көтерілген кезде біздің шашқан үзінділеріміз жол үстінде жарқырайтын болады. Сөйтіп біз осы белгі арқылы үйге жететін боламыз.

Орманның үстіне ай көтерілді, балалар үйге қайтуға беттеді. Бірақ өкінішке қарай жерде бірде бір нан үзіндісі жоқ еді. Олардың бәрін ормандағы құстар шоқып жеп қойған екен. Сонда Гензель қарындасына:

- Не де болса, тәуекел, бір амалын жасап, жолды табамыз! – дейді.

Сөйтіп олар үйге барар жолды іздеп түн жүреді, күн жүреді, шексіз-шетсіз орман болса таусылар емес. Ақыры балалардың қарны әбден ашып, шаршады. Орманның жидектері де бұл кезде ағып кеткен еді. Аяқтарын зорға алып жүріп ілбіген балалар бір үлкен ағаштың түбіне келіп жата бере, ұйықтап кетті.

Ертеңінде балалар тағы да жолға түсіп, ұзақ жүрді, орманның шетіне шықпақ түгілі одан әрі ну жыныс түкпіріне бойлай берді. Шаңқай түс мезгілінде балалардың көзіне бір аппақ құс көрінді.

Құс бұтақта отырып алып бір тамаша үнмен сайрайды. Балалар таңдана тыңдаумен болады. Бір уақытта құс сайрауын тоқтатып, қанатын қомдап ұша жөнелді. Балалар құстың соңынан еріп отырып, көп өтпей бір үйшікке келді. Аппақ құс әлгі үйшіктің төбесіне барып қонды. Бұл үйшік әдепкі үйшіктер сияқты емес екен: қабырғасы тұтастай дәмді наннан, өзге де тәтті тағамдардан тұрғызылыпты, ал терезесі мөп-мөлдір мұз кәмпиттен екен. Гензель қарындасына:

- Қанеки, Гретель, үйшікке кірейік – жақсылап тойып тамақтанып алайық! Мен шатырын жеймін, ал сен терезесінің дөмін татып көр. Дәмді екендігі сөзсіз! – дейді.

Гензель аяғының ұшымен тұрып, қолын соза шатырдың бір бөлігін сындырып алып, екі жағынан кезектеп шайнай берді, ал қарындасы терезенің кішкентай бөлігін бөліп жей бастады. Осы кезде үйшіктің ішінен әлдебір нәзік дауыс естілді:

Тық-тық дыбыс – терезенің түбінде, Тықылдатып келіп тұрған кім үйге?

Сондай балалар былай деп үн қатады:

Көк аспанның елшісі, Үйіңе сенің жел тиді.

Сөйтіп олар үйшікті сындырып жеумен болады. Гензельге шатыр, Гретаға

терезе қатты ұнап қалған еді. Сөйтіп олар тағы да бір-бір үлкен кесек үзіп алып жей бергенде, үйшіктің есігі сарт етіп ашылып кетті. Балалар табалдырықтан бері аттап келе жатқан балдақты көрі кемпірді көрді. Балалардың қатты қорыққандары соншама, қолдарындағы тамақтары жерге түсіп кетті. Кемпір болса басын шайқап балпылдай сөйледі:

- Иә, балақайлар, мұндай қайдан тап болдыңдар? Өтінемін, менің үйімде тұра беріңдер, сендерге аш

жамандық жасамаймын.

Сөйтіп кемпір балаларды үйге бастап кіреді. Үстелдің үсті түскі асқа толы екен: сүт, тәтті-дәмділер, жаңғақ пен алма – бәрі бар. Түскі астан кейін кемпір екеуіне екі төсек салып берді. Гензель төсекке жатқан кезде өзін жұмаққа кіргендей сезінді.

Шындығында бұл алғаш көргенде балаларды алдап мейірімді көрініп тұрған нағыз сиқыршы жауыз мыстан кемпірдің өзі болатын. Ол балаларды аңдып жүріп, бұл тәтті үйшікті оларды алдап ұстау үшін тұрғызып қояды екен. Балаларды тұзағына түсірген соң оларды өлтіріп, пісіріп жейді екен. Кемпірдің қып-қызыл екі көзі нашар көргенімен, адам баласының иісін жыртқыш аң тәрізді алыстан сезіп қояды екен. Гензель мен Гретель үйшікке кірген кезде қуанып кеткен мыстан кемпір:

- Әп бәлем, қолыма түстіңдер ме, көгершіндерім. Енді менен құтылмайсыңдар! – деп сақылдай күлді.

Сөйтіп түн болды. Таңертең кемпір балалар тәтті ұйқыда жатқанда, ерте тұрып алып, олардың алаңсыз жүздеріне қарап отырып:

- Маған тамаша тағам болатындарың сөзсіз! - деп күбірлеумен болды.

Сөйтті де сиқыршы Гензельді өзінің сүйегі арбйған қолымен тас қылып ұстап алып, шошалаға апарып, ауызын темірмен торлаған бұрышқа қамап қойды. Көмек сұрап қанша шыңғырып тепкіленсе де Гензельді еститін, келіп құтқаратын ешкім жоқ еді. Кемпір кішкентай Гретельді оятып алып, оған:

- Өй, жатып ішер жалқау, тұр жылдам! Су өкеліп, ағаңа дәмді түскі ас дайындап бер! Оны жақсылап тамақтандыру керек. Оны торға қамадым: семірген кезде мен оны сойып ас етемін, – депті.

- Өксіп-өксіп жылаған байғұс Грета, қорыққанынан жауыз кемпірдің берген бұйрықтарының бәрін еш қарсылықсыз орындай беріпті. Гензельге дәмді тамақтармен тойдыра бастаған кезден бастап, қарындасына тамақтың құнарсыз қалдығы ғана тиіпті. Кемпір күн сайын шошалаға келіп:

- Қане-қане, Гензель, маған саусағыңды соз, қанша май жинағаныңды, енді жеуге қанша уақыт қалғанын сипап білейін, - деп сұрайды.

Гензель тордың сыртына саусақтың орнына қураған бұтақты ұсынады, көзі нашар көретін соқыр мыстан оның қолын ұстап көріп, бұл бала әлі де болса салмақ қоспай жатыр деп ойлайды. Осылайша бір ай өтеді, қалай тамақтандырса да Гензель «семіре қоймайды». Ақыры бір күні оның семіргенін күте-күте мыстан кемпірдің де төзімі таусылды, сөйтіп ол Гретельге былай деп бұйырды:

- Әй Гретель! Тезірек мол ғып су тасып әкел. Мейлі семірсін-семірмесін, таңертең Гензельді сойып, пісіріп жейтін боламын.

Жылап-өңіреген байғұс Гретельдің кемпірге су тасығаннан басқа амалы жоқ еді. Жылай жүріп Жаратқанға жалынумен болады:

- Жаратқан, бізге жар бола гөр! Бұдан да орманның жыртқыш аңдары шабуылдап, екеуімізді қатар жеп кеткені жақсы еді!

Мұны естіген кемпір айқайға басты:

- Аузыңды неге жаппайсың сен, ақымақ қыз? Бәрібір саған ешкім де көмектеспейді!

Таңертең ерте Гретель пештің үстіне қазанды қойды да, астына от қойып қыздыра бастады. Сиқыршы кемпір оған:

- Мен ұн илеп, қамыр әзірлеп қойдым. Пеш қызса, алдымен нан пісіріп алайық.

Осыны айтып ол байғұс қызды дәу пешке қарай итереді. Жылтылдаған қызыл оттың жалыны пештің аузынан сыртына шығып тұрған еді.

- Пешке кіріп көр жылдам, нан салатындай қызды ма екен, тексеріп қара! – деп айқайлайды.

Гретель пештің аузын ашып қарады. Кемпірдің ойы – қыз үңіліп тұрғанда ішке итеріп жіберіп, жаба қойып оны қуырып жеу болатын. Бірақ кемпірдің бұл қулығын сезген Гретель оған:

- Мен пешке қалай кіретінін білмеймін ғой, әже! – дейді.

- Неткен ақымақ едің өзі! – деп ұрсады сиқыршы. – Мұндағы орын тар болып тұр ма саған? Сен тұрмақ менің өзім сыйып кететін орын тұрған жоқ па?

Сөйтіп ол пештің ішіне басын сұғып, үңіліп қарамақ болды. Осы кезде айлаласын асырған Гретель кемпірді бар күшімен пештің ішіне итеріп қалғанда, ол бар денесімен еніп кетті. Гретель қақпағын жылдам жаба қойып, бастырғысын салып үлгерді. Мыстан кемпір пештің ішінде жанұшыра айқайлап жатты. Гретель қашып шығып ұзай берді. Жауыз сиқыршы мыстан пештің ішінде шыжғырылып жатты.

Пештің маңынан қашып шыққан бойы жүгіріп шошалаға барады. Тордың аузын ашып жібереді де Гензельге қарап былай дейді:

- Менің қандай қуанышты хабар айтатынымды білесің бе, Гензель! Біз жауыз кемпірден құтылдық! Ол ендігі өліп те қалды! – деп шаттана айқай салады.

Сонда Гензель тордан құтылған торғайдай, орнынан атып шығып, қуанғанынан қарындасын құшақтай алып сөкіре беріпті. Сөйтіп олар кемпірдің үйшігіне келеді. Енді бұларға ешкімнен қорқудың қажеті жоқ еді. Үйшіктің ішінде інжу, асыл тастар салынған көп сандықтар бар екен.

- Иә, Гретель – дейді Гензель, - бұлар әлгі малта тастарға қарағанда пайдалы шығар ғә?

Сөйтіп ол қалталарын асыл тастарға толтыра бастайды. Ал Гретель оларды алжапқышының алдына сықап салып алды.

- Ал, енді жолға шығайық, - дейді Гензель.

Сөйтіп олар жолға шығады. Аз жүрмеді, көп жүрді, ақыры бір үлкен көлдің жағасына келіп жетті.

- Бұл көлдің арғы жағалауына қайтіп жетеміз? – дейді Гензель. – Көпір түгілі, тақтайша да жоқ.

- Қайық та жоқ, - деп іліп әкетеді Гретель, - ананы қара, сонау ұзақта бір ақ үйрек ұшып жүр. Қанеки, одан бізді өткізіп салуын өтінейік, - дейді. Сөйтіп Гретель үйрекке қарата:

Үйрегім менің, ақ үйрек,

Көрсетші бізге, жол керек.

Сырық та жоқ, тақтай да,

Мінгізші бізді арқаңа! – деп айқай салады.

Үйрек мұны естіп жағалауға жүзіп жетеді де, Гензельге арқасына отыруды бұйырады. Гензель Гретельді тартқылап, өзімен бірге отырғызбақ болады. Сонда Гретель:

- Тоқта, үйрекке екеуімізді қатар отырғызып жүзу ауыр болады, бір-бірден отырғызып жүзгені дұрыс, - дейді.

Үйрек оларды кезекпен тасымалдап арғы жағаға шығарады. Арғы жағаға шыққан балалар жан жағына назар салып қараса, орман ішіндегі жол өздеріне таныс екенін аңғарады. Сөйтіп олар өздерінің үйшігіне қарай беттеп келе жатады.

Оны алыстан көрген кезде, қуанғаннан жүгіре жөнеледі. Үйге жүгіре жетіп, әкелерін құшақтай алады. Отыншы болса өзінің иенде қалдырған балаларын ойлап уайымдаумен болған екен. Өгей шешесі болса өліп қалыпты.

Гензель мен Гретель өздерінің қалталары мен алжапқыштарындағы асыл тастарын еденге төгеді. Алуан-алуан жарқыраған асыл тастар мен інжулер үйшіктің ішін жайнатып жібереді. Осыдан кейін отыншы өзінің балаларымен бірге қалауынша өмір сүре бастапты. Енді оларға аштықтан қорқудың ешқандай қажеті жоқ еді.

ОБ ОТМЕНЕ РЕГИСТРАЦИИ

В соответствии с пунктом 1 статьи 113-6 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» в связи с подачей письменного заявления кандидата о снятии своей кандидатуры в акимы Конырского сельского округа, Ескельдинская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВИ-ЛА:

- 1.Отменить регистрацию кандидата в акимы Конырского сельско-го округа Нургамитова Бауыржана Кадыракинулы.
2. Предоставить настоящее постановление в территориальную избирательную комиссию области Жетісу.
3. Разместить настоящее постановление на интернет-ресурсе Ескельдинской районной территориальной избирательной комиссии и опубликовать в районной газете «Жетісу Шұғыласы».
- 4.Контроль за исполнением настоящего постановления возло-жить на заместителя председателя Ескельдинской районной тер-риториальной избирательной комиссии Г. Кыдырманову.

Р. ЖЕКСЕНБЕКОВ,
Председатель районной
территориальной избирательной комиссии

Д. ТУРДИЕВА,
Секретарь районной
территориальной избирательной комиссии

ЕНПФ ЕДЕТ К ВАМ: МОБИЛЬНЫЕ
ОФИСЫ В ДЕЙСТВИИ



Благодаря проекту «Мобильный офис» каждый казахстанец, даже в самом отдалённом ауле, имеет возможность лично проконсультиро- ваться со специалистами фонда, оформить необходимые докумен- ты и составить персональный пенсионный план без необходимости посещать отделение ЕНПФ.

Мобильный офис ЕНПФ обеспечивает не просто комфорт, но и равные возможности в получении современных пенсионных серви- сов независимо от места проживания.

Мобильный офис ЕНПФ - это передвижной центр персонально- го обслуживания, оснащенный всем необходимым оборудованием и предоставляющий пенсионные услуги в режиме online посредством интернет связи. ЕНПФ запустил данный проект в 2018 году, чтобы устроить территориальные барьеры и обеспечить доступность пенсионных услуг всем гражданам страны.

Мобильные офисы осуществляют регулярные выезды в районы и отдалённые населённые пункты в соответствии с заранее утверж- дённым графиком, согласованным с местными исполнительными органами.

Органы местной власти, в свою очередь, информируют население о предстоящем визите мобильного офиса АО «ЕНПФ», обеспечивая его своевременное и широкое оповещение. Графики таких выездов формируются фондом на основе анализа потребностей и запросов граждан, а также с учётом ряда факторов - плотности населения, удалённости и инфраструктуры населённых пунктов, а также дру- гих особенностей региона. Такой подход позволяет ЕНПФ обеспе- чить максимальную доступность пенсионных услуг для всех кате- горий граждан страны.

Казахстанцы имеют возможность обратиться в ЕНПФ с запросом провести презентацию и оказать пенсионные услуги работникам предприятий, организаций, заводов и т.д., позвоние по номеру 1418 (звонок бесплатный), отправив электронное сообщение на сайте eprf.kz, посредством мессенджеров и социальных сетей WhatsApp, Telegram, Viber, Facebook, ВКонтакте, Instagram, Одноклассники.

За 6 лет более 600 тысяч граждан уже воспользовались услугами передвижных офисов ЕНПФ, которые на сегодняшний день охваты- вают 13 регионов Казахстана.

Бригады мобильных офисов посетили 5100 населенных пунктов, провели 213 000 презентаций, в которых приняли участие 5,3 млн человек.

Данный формат позволяет гражданам получить все услуги, ко- торые доступны в стационарных отделениях, в том числе лично проконсультироваться со специалистами по вопросам пенсионной системы и управления инвестиционным портфелем, получить справки, выписки и подтверждающие документы (в том числе для военнослужащих), обратиться за помощью при работе с электрон- ными сервисами и личным кабинетом, подтвердить или изменить личные данные.

Также сотрудники ЕНПФ на встречах с гражданами помогают ис- пользовать удобные инструменты - «Пенсионный калькулятор» и «Персональный план пенсионных накоплений», с помощью которых можно предварительно рассчитать свою будущую пенсию и сфор- мировать план по ее увеличению. Даже если у жителя населенного пункта нет смартфона или доступа к интернету, все услуги он мо- жет получить в день визита «Мобильного офиса».

Напомним, что миссия ЕНПФ – это надежный учет пенсионных сбe- режений и оказание качественных пенсионных услуг, доступных каж- дому вкладчику.

Фонд ценит индивидуальность каждого клиента и ставит его ин- тересы на первое место, делая все, чтобы пенсионные услуги были своевременны и соответствовали текущим и будущим потребно- стям вкладчиков. Проект «Мобильный офис» - один из путей обе- спечения индивидуального подхода к вкладчикам, предоставляющий доступ к личному пенсионному консультированию даже в самых уда- лённых регионах Казахстана.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемле- кет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бой- ынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жы- лына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік ба- засынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін ай- налып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqor.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға бола- тын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжай- ын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жол- данатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егер- де бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының ме- кенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтанды- ру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға элек- тронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Балабеков Али Канатбекұлы ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық
ақпаратты қалыптастыру прокуроры

МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР НЕ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді ресми бекітіп, құжатқа қол қойды. Бұл өзгерістердің қарапайым азаматтар мен жалпы жүйеге қалай әсер ететіні жайында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры түсініктеме берді.

Халықты қамту аясын кеңейту Қазіргі уақытта халықтың 83%-ы сақтандырылған. Алайда шамамен 3,3 миллион адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр. Үкіметтің 2024 жылғы 7 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырған болатын. «Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс», деген еді Президент.

Осыған байланысты халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі) санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылақ.

Сонымен қатар, ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде әкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа норма енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады (бұған дейін бұл мерзім 3 ай болатын).

Мәселен, азамат бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жұмыс істеп, жарналарын уақтылы төлеп келсе, бірақ кейін

жұмысынан айырылып, табыссыз қалған жағдайда оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Алайда кейін сол айлардағы берешекті өтеу қажет болады.

Бірыңғай пакетті қалыптастыру

Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» жасауға ерекше назар аударған болатын.

Қабылданған өзгерістерге сәйкес, онкологиялық скринингтер 2026 жылдан бастап ТМҚК тізіміне өтеді және МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болады. Сондай-ақ, 8 әлеуметтік мәні бар ауруға (туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфаркті, инсульт) күдік туындаған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек те тегін көрсетілетін болады. Бұған дейін мұндай көмек тек АИТВ мен туберкулезге күдік болғанда ғана ұсынылатын.

2026 жылдан бастап МӘМС-тің базалық пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ динамикалық бақылауды қажет ететін созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді. Аталған аурулар тізбесіне бауыр аурулары; қан мен қан тұзды ағзалар аурулары; жоғарғы асқорыту жолдарының аурулары; инфекциялық емес энтерит пен колит; артропатиялар, дорсопатиялар; қалқанша безі аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің қатерсіз дисплазиясы; әйелдердің жыныс мүшелерінің қабінусыз аурулары; бронхөкпе дисплазиясы; жүректің туа біткен ақаулары; даму ақаулары жатады.

Жарна есептеу шегінің өзгеруі Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – медициналық сақтандыру қаржылық тұрақтылығы.

Осыған байланысты, 2026 жылғы қаңтардан бастап жар-

налар мен аударымдарды есептеу үшін қолданылатын табыс көлемінің жоғарғы шегі жаңартылады:

- Жұмыс берушілер үшін – 40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ),
- Қызметкерлер үшін – 20 ЕТЖ.

Бұл — бастапқыда ұсынылған 50 ЕТЖ орнына қабылданған келісімді шешім, яғни жүйенің тұрақтылығын сақтай отырып, салық жүктемесінің шектен тыс өсуіне жол бермейді.

Аталған өзгеріс жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы шараның нәтижесінде МӘМС жүйесінің табысы жылына шамамен 200 млрд теңгеге артады деп күтілуде.

Мемлекет жарнасының мөлшерлемесін арттыру Заңнамаға сәйкес, мемлекет МӘМС жүйесінде жеңілдігі бар санаттарға жататын азаматтар үшін жарна төлейді. Бұл жарналар республикалық бюджеттен бөлініп, балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жүкті әйелдер және тағы басқа 15 санаттағы азаматтардың медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда МӘМС жүйесіне төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшері ең төмен деңгейде – 2025 жылы 2%. Салыстырмалы түрде, басқа елдерде бұл көрсеткіш 9–14,5% аралығында. Жүйені бастапқы жобалау кезінде жарна мөлшерлемелері жоғарырақ болып жоспарланған, алайда жүйе іске қосылған кезде олар едәуір төмендетілген еді.

Алайда «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» енгізіліп, МӘМС жүйесінде қосымша міндеттемелердің қосылуына байланысты жүйенің қаржылық жүктемесі күрт өсіп отыр. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жарна мөлшерлемелерін кезек-кезеңімен арттыру ұсынылуда:

- 2027 жылы – 2,2%,
- 2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін біртіндеп өсіру.

Бұл ретте жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жарна мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ТАБЫСТЫ АЛМАСТЫРУ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Халықаралық ұйымдар зейнетақының лайықтылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде табысты алмастыру коэффициентін (ТАҚ) атайды. Бұл зейнетақы төлемдері мен қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейінгі жалақысының арақатынасын, яғни оның зейнетақысы жалақысын қаншалықты алмастыра алғанын көрсетеді.

Айта кету керек, ТАҚ – бұл мақсатты бағдар, оның мәні әр қызметкер үшін бірегей және оның еңбек табысы мен өтіліне, зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы шотына аударудың жүйелілігі мен толықтығымен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін 2030 жылға дейін модернизациялау тұжырымдамасында зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі кемінде 35 жыл және аударымдардың жүйелілігі жылына 12 рет болған кезде жиынтық зейнетақы төлемдерін еңбекақысының кемінде 40% деңгейінде (Халықаралық еңбек ұйымының стандарты) сақтау көзделген.

2024 жылы зейнеткерлік жасқа жеткен және зейнетақы төлемдерін (мемлекеттен ынтымақты және базалық, сондай-ақ БЖЗҚ-дан жинақтаушы зейнетақы) ала бастаған БЖЗҚ салымшыларының зейнетақының барлық түрлерін қосқандағы төлем жиынтығының алмастыру коэффициенті жалақының тұрақты деңгейінің 41%-дан астамын құрады.

Дамыған елдерден байқап отырғанымыздай, алдағы уақытта зейнетақының басым бөлігі жинақтаушы зейнетақыдан құралады. Отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесі адамның еңбек жолының толық кезеңі саналатын өзінің шамамен 40 жылдық циклына әлі жеткен жоқ. Осыған байланысты зейнетке шыққандардың жинақтау жүйесіндегі өтілі әзірге жеткіліксіз. Сонымен қатар, жинақтаушы жүйені енгізудің алғашқы жылдары табыстың төмен болуы, жарналардың уақылы және толығымен аударылмауы өз әсерін тигізді. Сондықтан қазіргі зейнетақы төлемдерінде ынтымақты зейнетақының үлесі жоғары, дегенмен жылдан-жылға азайып келеді.

Актуралық есептерге сәйкес болашақта еңбек жолын 2024 жылы бастаған (22 жасында) және 2065 жылы зейнетке шығатын салымшылардағы жинақтаушы зейнетақы есебінен алмастыру коэффициенті олардың табысының кем дегенде 35%-ын құрайды. Бұл ретте жинақтаушы зейнетақы қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылады. Бұған қоса азаматтар мөлшері БЖЗҚ-ға МЗЖ аударымдарының өтіліне байланысты болатын базалық зейнетақы алады. Мұндай қызметкерлердің ынтымақты зейнетақы алуға құқығы болмайды.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ әрбір салымшы үшін орташа айлық табысты алмастыру коэффициентін есептеуді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер негізінде заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

Біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емдеуге пайдалану үшін ТАҚ қалай есептеледі

Төмендегі шарттардың бірі сақталған жағдайда БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдардың біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) алуға құқылы екенін атап өткен жөн:

- Зейнетақы жинақтары ең төменгі жеткіліктілік шегінен асса
- Болашақ зейнетақы (ынтымақты және базалық) ағымдағы табыстың кемінде 40%-н құраса
- Сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалса.

Заңнамада ТАҚ есептеу алгоритмі келесідей бекітілген:

Ай сайынғы зейнетақы (тағайындалған күнгі базалық+ынтымақты) алушының соңғы 5 жылдағы (зейнеткерлікке шыққанға дейінгі) орташа айлық табысына (ОАТ) бөлінеді. ОАТ шамасы инфляцияны ескере отырып түзетілген 5 жыл ішіндегі оның нақты міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) туралы деректер негізінде есептеледі және республика бойынша орташа айлық табыспен шектеледі.

Әлеуметтік кодекске сәйкес зейнетақы төлемдері тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар және өмір бойы ай сайынғы қамту төленетін отставкадағы судьялар үшін ОАТ ауыстыру коэффициенті 40%-ға тең бекітіледі.

ТАҚ есептеу үшін тек базалық және ынтымақты зейнетақылар есепке алынады, олар зейнеткерге 40%-дан төмен емес өмір бойғы кірісті қамтамасыз етуі керек. ТАҚ-тың осындай деңгейіне жеткен кезде зейнеткер өз жинақтарының 50%-на дейінгі соманы тұрғын үйге немесе емделуге пайдалана алады.

Егер азамат зейнетақы аннуитеті шартын жасаған болса, яғни сақтандыру компаниясынан ағымдағы қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің кем дегенде 70% көлеміндегі өмір бойғы зейнетақы төлемін алса, ол БЖЗҚ-дағы өзінің зейнетақы шотындағы барлық жинақтарды тұрғын үйге немесе емделуге пайдалануға құқылы.

Алмастыру коэффициентінің мәнін түсіну азаматтарға зейнетақы төлемдері арқылы қаржылық тұрақтылығын жоспарлауға көмектеседі. Жыл сайын жинақтаушы зейнетақының маңызы артып келеді. Барлық азаматтар үшін мемлекеттік саясат пен зейнетақы жүйесінің лайықты зейнетақыны қамтамасыз ету бағытында дамуы маңызды.

БЖЗҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ: ЖЕҢІЛ ЖӘНЕ ҰТҚЫР

БЖЗҚ зейнетақы жүйесіне қатысты түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп келсе де, сауалдар азаяр емес. Жарналардың қандай түрлері бар? Жұмыс беруші оларды қалай, ең бастысы, қаншалықты аударып жатыр? Зейнетақы қалай тағайындалады? Тізе берсек шегі жоқ. Ірі қалалар мен облыс орталықтарының тұрғындары бұл сұрақтардың жауабын БЖЗҚ кеңсесіне барып, кәсіби мамандармен тікелей жүздесе отырып ала алады. Ал шалғай ауыл-аймақтардағы о т а н д а с т ы р ы м ы з д ы ң

сұранысын қалай қанағаттандыруға болады? Олқылықтың орнын толтыру мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жылжымалы “Мобильді кеңсені” іске қосты.

“Мобильді кеңсе” деген не?

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры “Мобильді кеңсе” жобасын 2018 жылы қолға алды. Бұл – көлікке орналастырылған шағын кеңсе. БЖЗҚ мамандары ноутбук, жоғары жылдамдықты интернет, принтер, Қор базасы сияқты түрлі қажет құрылғымен жабдықталған шағын автобу-

спен елді мекендерді аралап, тұрғындарға арнайы қызмет көрсетеді.

Қандай қызметтер ұсынылады?

“Мобильді кеңсенің” облыс, аудан орталықтарында орын тепкен БЖЗҚ-ның кәдімгі бөлімшелерінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Дәл сол кеңселерде көрсетілетін қызметтердің барлығын ұсынады:

- Зейнетақы, инвестиция портфельіне қатысты кеңестер береді;

- Жеке кабинет арқылы электрондық қызмет алуға көмектеседі;

- Жеке деректерді өңдеп немесе өзгерту мүмкіндігі бар;

- Қажет құжаттарды, анықтамаларды шығарып алу және басқа да қызмет түрлері көрсетіледі.

“Мобильді кеңсе” қызметі алыс аудандар мен Қор бөлімшесі жоқ аймақ тұрғындары, әсіресе, қалаға баруға уақыт таппай жүрген немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар, интернеті жоқ немесе оны қолдануда қиындық көретін адамдар үшін өте ыңғайлы.

Қай ауыл-аймаққа барады?

“Мобильді кеңсенің” әр сапары алдын ала жоспарланады.



Қай күні, қай ауылға баратыны жергілікті әкімдікпен келісіліп, тұрғындарға алдын ала хабарланады. Кеңсе таңғы 09.00-ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыс істейді. Бұл ауыл тұрғындарына ыңғайлы болса, БЖЗҚ мамандары үшін әр адаммен тікелей байланыс орнатудың таптырмас жолы.

“Мобильді кеңсе” еліміздің 13 өңірінде жұмыс істейді: Ақмола, Ақтөбе, Жетісу, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстары.

“Мобильді кеңсе” жобасы қаншалықты тиімді?

“Мобильді кеңсе” жобасы іске қосылған 6 жылдан астам уақыт ішінде БЖЗҚ мамандары 5100 елдімекенге барып, 616 000 адамға қызмет көрсетіп үлгерді. Қор қызметіне, зейнетақы жүйесіне қатысты 213 000 ақпараттық таныстырылым өткізілді. Оған 5,3 миллион адам қатысты.

“Мобильді кеңсе” жобасы – жай ғана жүйе емес, “БЖЗҚ” АҚ миссиясының бір бөлігі.

Осылайша Қазақстанның әрбір тұрғыны үшін ашық, сапалы әрі қолжетімді зейнетақы жүйесін қалыптастыруға тырысамыз. Қай жерде тұратыныңызға қарамастан, өзіңізге қажет қызметті кәсіби түрде алғаныңызды қалаймыз”, – деді Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мамандары.

Айта кету керек, зейнетақыға қатысты кеңес, көкейіңізде жүрген сұраққа жауап алу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың немесе “Мобильді кеңсе” көлігін күтудің қажеті жоқ. Қор мамандарына қашықтан да хабарласуға мүмкіндік бар. Ол үшін мына әдістердің бірін қолдануға болады:

- 1418 нөмірі — Қазақстан бойынша тегін байланыс желісі;
- enpf.kz сайты арқылы электронды өтініш жазу;
- WhatsApp, Telegram, Facebook, Viber, ВКонтакте мессенджерлері арқылы;
- Онлайн чат (enpf.kz);
- YouTube, Instagram, Facebook, X (Twitter), ВКонтакте, Одноклассники арқылы.

МЕСЯЦ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ О САРКОМАХ



Июль - месяц осведомленности о саркоме. Символ «Желтая лента» представляет собой саркому. Этот месяц посвящен повышению осведомленности о саркомах, редких видах рака, поражающих костную и мягкие ткани, а также о проблемах и потребностях людей, живущих с этим заболеванием.

Саркома — это тип рака, который возникает в соединительных тканях организма. К ним относятся ваши кости, хрящи, мышцы, жировая ткань, волокнистая ткань и кровеносные сосуды. Поскольку эти ткани находятся в разных частях тела, саркома может возникнуть где угодно. Но чаще всего он встречается на руках, ногах, руках, шее, голове, бедрах, груди, животе и плечах.

Саркомы могут возникать в любом месте тела и часто обнаруживаются на поздних стадиях, когда лечение может

быть затруднено.

Основные моменты о саркоме:

- Редкость: Саркома является редким видом рака, на ее долю приходится около 1% всех онкологических заболеваний у взрослых.
- Симптомы: На ранних стадиях саркома может протекать бессимптомно, но на более поздних стадиях могут проявляться такие симптомы, как боль, отек, нарушение функции органа.
- Важно быть внимательными к своему здоровью и обращаться к врачу при появлении любых подозрительных симптомов. Современные методы диагностики и лечения дают надежду на успешное излечение и улучшение качества жизни пациентов с саркомой. Помните, что заболевание выявленное на ранней стадии легче поддается лечению, а иногда вылечивается полностью.

Калиякберова Гульмира Серикбаевна
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

ПАМЯТКА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ ПО ПОВЕДЕНЧЕСКИМ ФАКТОРАМ РИСКА

Памятка направлена на повышение осведомленности о привычках, которые могут негативно влиять на здоровье детей и подростков. Родителям Важно уделять внимание формированию у детей здорового образа жизни с раннего возраста , чтобы предотвратить развитие заболеваний, связанных с вредными привычками.

- Основные поведенческие факторы риска:
 - Курение и употребление алкоголя:
 - Оба этих фактора являются серьезной угрозой для здоровья, особенно в подростковом возрасте. Важно объяснять детям вред курения и алкоголя и формировать у них негативное отношение к этим веществам.
 - Неправильное питание:
 - Несбалансированное питание, избыток сладкого и жирного, недостаток овощей и фруктов могут привести к проблемам с весом, сердечно-сосудистой системе и другим заболеваниям. Необходимо формировать у детей правильные пищевые привычки, начиная с раннего возраста.
 - Недостаток физической активности:
 - Малоподвижный образ жизни, отсутствие физических упражнений, длительное пребывание в сидячем положении могут привести к ожирению, проблемам с опорно-двигательным аппаратом и сердечно-сосудистой системе. Важно приучать детей к регулярным физическим нагрузкам и занятиям спортом.
 - Недостаточная гигиена и уход за собой:
 - Недостаточное мытье рук, игнорирование правил гигиены полости рта и другие подобные аспекты могут привести к инфекционным заболеваниям. Важно прививать детям навыки гигиены с раннего возраста.
 - Пренебрежение правилами безопасности:
 - Несоблюдение правил дорожного движения, пренебрежение использованием защитных средств (шлемов, ремней безопасности) может привести к травмам. Важно обучать детей правилам безопасности и следить за их соблюдением.
 - Недостаток сна:
 - Недостаток сна может негативно влиять на физическое и психическое здоровье, ухудшать концентрацию внимания и успеваемость в школе. Важно обеспечивать детям достаточное время для сна и соблюдать режим дня.
 - Чрезмерное увлечение гаджетами:
 - Длительное пребывание за компьютером или в социальных сетях может приводить к проблемам со зрением, осанкой, а также к психологическим проблемам. Необходимо ограничивать время использования гаджетов и поощрять другие виды активности.
 - Будьте примером для своих детей. Важно помнить: Формирование здорового образа жизни – это длительный процесс, который требует терпения, настойчивости и совместных усилий родителей и детей.

Калиякберова Гульмира Серикбаевна
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

ОСТРЫЕ КИШЕЧНЫЕ ИНФЕКЦИИ

Острые кишечные инфекции это большая группа инфекционных заболеваний, вызываемых патогенными и условно патогенными бактериями, вирусами, характеризующиеся поражением желудочно - кишечного тракта.

ОКИ до настоящего времени занимают ведущее место в инфекционной патологии, уступая по заболеваемости только гриппу и острым респираторным инфекциям. Острые кишечные инфекции вызывают такие микроорганизмы, как бактерии, вирусы и простейшие. Источником кишечной инфекции является больной человек или бактерионоситель. Возбудители кишечных инфекций могут попасть в организм пищевым, водным или контактно-бытовым путем, то есть при употреблении в пищу недостаточно обработанных, недоброкачественных продуктов питания, при питье некипячёной воды, купании в открытых водоёмах, через грязные руки или предметы обихода. Поэтому, так важно соблюдать личную гигиену, а именно мыть руки перед едой, после туалета. Дети особенно восприимчивы к ОКИ в силу того, что их пищеварительная система находится в процессе роста и поэтому особенно уязвима.

Возбудители ОКИ очень устойчивы во внешней среде –могут неделями и месяцами сохранять жизнеспособность на игрушках, предметах обихода, посуде, пищевых продуктах, воде.

Основные симптомы кишечных инфекций : частый жидкий стул, боли в животе, тошнота, рвота, слабость, снижение аппетита.

Помните! При появлении признаков заболевания немедленно обращайтесь к врачу. Не занимайтесь самолечением. Соблюдение этих простых правил сохранит здоровье Вам и Вашим детям.

Калиякберова Гульмира Серикбаевна
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

ЧТО ДАДУТ ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОН ОБ ОСМС

- Глава государства подписал изменения в закон об обязательном социальном медицинском страховании. Как это отразится на обычном пациенте и на системе в целом, разъяснили в Фонде социального медицинского страхования.
- Увеличение охвата населения
- В настоящее время застрахованными являются 83% населения. При этом порядка 3,3 миллиона человек остаются неохваченными системой ОСМС.
- На расширенном заседании Правительства РК 7 июля 2024 года Глава государства поручил повысить ответственность местных исполнительных органов: «За отдельные категории уязвимых слоев населения отчисления в систему медстрахования должны производиться из местного бюджета».
- В этой связи были введены новые меры, которые позволят расширить охват населения системой ОСМС. Теперь местные исполнительные органы будут оплачивать взносы на ОСМС за граждан, относящихся к кризисным и экстренным уровням (D и E) социального благополучия.
- Ожидается, что благодаря этим мерам, в 2026 году системой ОСМС дополнительно будут охвачены около 1 миллиона человек.
- Кроме того, взносы за официально зарегистрированных безработных также будут производиться из средств местных бюджетов. Это позволит повысить ответственность акиматов в вопросах занятости населения. Регионы будут иметь стимул к созданию рабочих мест, сокращению бедности и принятию активных мер по повышению занятости населения.
- Сохранение статуса при перерыве во взносах
- Также с целью обеспечения доступа к медицинской помощи в системе ОСМС вводится норма, согласно которой граждане, уплачивавшие взносы не менее пяти лет подряд, смогут сохранять статус застрахованного в течение шести месяцев при временной приостановке платежей (ранее такая норма действовала на три месяца).
- К примеру, если человек был трудоустроен и регулярно оплачивал взносы все это время, но лишился работы и доходов, ему будут оказывать медицинские услуги по ОСМС. Однако затем нужно будет погасить задолженность за эти пропущенные месяцы.
- Создание единого пакета
- В Послании 2024 года Глава государства акцентировал внимание на формировании Единого пакета медицинской помощи, основанного на принципах справедливого доступа к услугам здравоохранения и сбалансированный с точки зрения возможностей и обязательств бюджета.
- Ввиду принятых изменений онкологические скрининги с 2026 года перейдут в перечень ГОБМП и станут бесплатными для всех граждан, независимо от их статуса застрахованности в системе ОСМС. Также бесплатной станет консультативно-диагностическая помощь при подозрении на 8 социально значимых заболеваний (туберкулез, ВИЧ, хронические вирусные гепатиты и циррозы печени, злокачественные новообразования, психические, поведенческие расстройства, орфанные заболевания, острый инфаркт миокарда, инсульты), тогда как ранее была доступна только по подозрению на 2 заболевания (ВИЧ, туберкулез).
- В базовый пакет ОСМС с 2026 года переходит амбулаторный диагноз, а также консультативно-диагностическая помощь, амбулаторное лекарственное обеспечение, стационарная и стационаро-замещающая помощь в плановой форме при 12 группах хронических заболеваний, подлежащих динамическому наблюдению (заболевания печени; болезни крови и кроветворных органов; заболевания верхних отделов ЖКТ; неинфекционный энтерит и колит; артропатии, дорсопатии; болезни щитовидной железы; гиперплазия предстательной железы; доброкачественная дисплазия молочной железы; невоспалительные болезни женских половых органов; бронхолегочная дисплазия; врожденные пороки сердца; врожденные пороки развития).
- Изменение верхнего порога
- Одним из важнейших условий для обеспечения населения медицинской помощью является финансовая устойчивость системы медицинского страхования.
- В этой связи, с января 2026 года устанавливается новый верхний предел базы для исчисления взносов и отчислений: 40 МЗП – для работодателей, 20 МЗП – для работников. Это компромиссное решение (изначально предлагалось повысить порог до 50 МЗП), позволяющее сохранить баланс между устойчивостью системы и налоговой нагрузкой. Данная мера позволит не только укрепить финансовую стабильность системы, но и реализовать принцип справедливости и равенства в распределении ответственности за расходы на здоровье среди всех граждан. Ожидаемый прирост доходной части ОСМС составит порядка 200 млрд тенге в год.
- Повышение ставок взносов для государства
- В Казахстане в соответствии с законодательством об обязательном социальном медицинском страховании государство оплачивает взносы в систему ОСМС за граждан, входящих в льготные категории населения. Эти взносы поступают из республиканского бюджета и обеспечивают доступ к медицинским услугам для тех, кто не может платить самостоятельно (15 категорий населения, в том числе дети, пенсионеры, лица с инвалидностью, беременные и др.).
- В Казахстане одни из самых низких ставок взносов и отчислений – 2% в 2025 году, тогда как в других странах 9-14,5%. Хотя изначально при моделировании системы закладывались другие ставки, которые при запуске были значительно снижены.
- Однако с учетом дополнительных обязательств в системе ОСМС ввиду внедрения Единого пакета медицинской помощи финансовая система не справится с растущими расходами. В этой связи, предлагаются меры в виде поэтапного повышения ставок взносов государства: с 2,2% в 2027 году и поэтапным увеличением до 4,7% в 2037 году.
- При этом, ставки взносов работников и отчислений работодателей останутся прежними.

Филиал по области Жетісу НАО
«Фонд социального медицинского страхования»

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ жәнe орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар жәнe даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру жәнe ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1020 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
--	---	---	---	--	---	--